

АҒЫМДЫ ШОТТЫ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Ағымды шотты ашу және жүргізу талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар Шарт шеңберінде Шоттарды ашу және/немесе жүргізу бойынша қызметкерді Клиентке Банкпен көрсету ерекшеліктерін және тәртібін анықтайды.
- 1.3. Шартта қолданылатын терминдер және анықтаулар осы Қосымшада дәл осындай мәндерінде қолданылады.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Банк Клиенттен қабылдаған өтініші бойынша тиісті мөлшерінде және валютада Клиентке Шотты(-тарды) ашады және оны (оларды) жүргізу бойынша қызметтерді Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының, Банктің тарифтеріне, Шарттың талаптарына сәйкес көрсетеді және Шот(-тар) бойынша операцияларды жүзеге асырайды. Шотты ашуға болатын шетел валюталарының тізімін Банк анықтайды. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк ішкі құжаттарының, Банк тарифтерінің, Шарт талаптарының әрекеті осы тармағында белгіленген тәртібінде ашылған әрбір (кез келген) Шотқа таралады.
- 2.2. Бірінші Шот ашылуы Клиентпен Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсыну жағдайда жүзеге асырылады. Кейінгі Шоттар ашуы қосымша құжаттарды берусіз жүзеге асырылу мүмкін, егер олар өзгермеген болса, басқа құжаттармен алмастырылмаған болса және егер жаңа Шоттар бойынша басқа құжаттарды ұсынуға қажет емес болса жүзеге асырылу мүмкін. Банктегі Шот(-тар) бойынша Клиенттің Банкпен қатынастарына Шартты және талаптарды қолдану үшін және осы Шоттың(-тардың) ашылуы және жүргізуі аталған Шарттан және талаптардан ерекшеленетін жағдайда, Клиент Банкпен белгілеген нысаны бойынша тиісті өтінішін береді, егер басқасы Тараптардың қосымша келісімі бойынша анықталмаған болса.
- 2.3. Әрбір Шот ашылауы және оған қызмет көрсетуі Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттен тиісті өтінішті және құжаттар пакетін қабылданған жері бойынша жүзеге асырылады, егер басқасы Тараптардың қосымша келісімі бойынша анықталмаған болса.
- 2.4. Егер Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде ҚР заңнамасымен Шартқа және Талаптарға қажетті өзгерістерді енгізуге дейін Шартпен және осы талаптармен бекітілген тәртібінен ерекшеленетін банк шоттарын ашу және жүргізу тәртібі бекітілетін болса, Шоттарға қызметтер ҚР заңнамасымен бекітілген тәртібінде сәйкес көрсетіледі.
- 2.5. Ашылған Шоттар бойынша қызметтер (операциялар) тізімі және оларды төлеу тәртібі Банктің әрекеттегі Тарифтерімен анықталады.
- 2.6. Егер басқасы басқа Ережелермен қарастырылмаған болса, осы Талаптар Банкте ашылған Клиенттің кез келген банк шоты қатысты қолданылады.

3. ШОТ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

- 3.1. Шотқа қызмет көрсету және Шот бойынша басқа қызметтерді көрсету Банкпен Банктің операциялық күні ішінде жүзеге асырылады. Операциялық күнінің ұзақтығы қызмет көрсету жерлерінде орналастыру жолымен, сонымен қатар Банктің қалауынша басқа тәсілдерімен (соның ішінде тиісті ақпаратты www.alfabank.kz Банктің интернет-сайтында орналастыру жолымен немесе электрондық хабарламаларын жолдау жолымен) бекітіледі және Клиенттің назарына жеткізіледі. Банк операциялық күнінің ұзақтығын бір тараптық тәртібінде өзгертуге құқылы және осы тармақпен белгіленген тәртібінде осы туралы Клиенттерге хабарлау қажет. Банк әртүрлі филиалдар, өкілдіктер және ішкі құрылымдық бөлімшелер үшін операциялық күнінің ұзақтығын бекіту мүмкін. Операциялық күні валюталар түрлерінің қимасында және Банкпен көрсетілетін қызметтер (қызметтер жиынтығы) қимасында, сондай-ақ Шотты жүргізу кезінде Клиент және Банк өзара әрекеттесу арналарының қимасында бекітілу мүмкін.
- 3.2. Шоттан ақша шығарып тастауы ҚР заңнамасының, Шарттың талаптарына сәйкес Шоттағы кредиттік қалдығының шектерінде нұсқаулар негізінде жүзеге асырылады. Шотқа нұсқауларын орындауы Банкпен ҚР заңнамасымен бекітілген кезектілігінде орындалады.
- 3.3. Ақшаны Шотқа қате/дұрыс емес есептеу кезінде, Банк тиісті Шот бойынша үзінді көшірмесін ұсыну жолымен қате/дұрыс есептелген ақшалай сомасын (осындай қате/дұрыс есептеу себебіне қарамастан) Шарттың 5.2. және 5.3-тармақтарында қарастырылған тәртібінде Шоттан ақшаны шығарып тастайды. Осымен бірге, Банк ақшаны шығарып тастауға дейін Шотты/қате/дұрыс емес есептелген сомасын

- бұғаттауға құқылы. Осымен Клиент Банкке Тараптардың осы тармағының шарттарына сәйкес Шотты/кәте/дұрыс емес есептелген сомасын бұғаттауға (осындай кәте/дұрыс есептеу себебіне қарамастан) және ақшаны шығарып тастауға келісімін береді.
- 3.4. Шоттар бойынша нұсқаулар (төлем құжаттар, вексельдер, чектер, шығын кассалық ордерлер және басқасы) олардың нысанға және ҚР заңнамасының талаптарының мазмұнына сәйкестігін, сонымен қатар үлгілер бар Құжатына қосылған Клиенттің(-тердің) уәкілетті тұлғасының(-ларының) сәйкестігін міндетті түрде тексерумен Банктің операциялық күні ішінде қабылданады.
- 3.5. Клиенттің нұсқауын орындалуы Банкпен қабылданған нұсқаудың орындалуы болып табылады:
- 3.5.1. Банк бенефициарға қызмет көрсетпейтін жағдайда, бөлек банктік қызметтерін көрсететін келесі банкке немесе ұйымға нұсқауды табыстау;
- 3.5.2. Ақша аударымын аяқтау, егер Банк бенефициардың банкі болып табылатын болса;
- 3.5.3. Клиентке (оның уәкілетті тұлғасына) қолма-қол ақшасын беруі осы Талаптардың 6-бөлімінде көрсетілген талаптарын есепке алумен жүзеге асырылады.
- 3.6. Шотқа келіп түсетін ақшасын есептеуі ҚР заңнамасымен бекітілген мерзімдерінде жүзеге асырылады, Клиенттің реквизиттерінде айырмашылықтар болмаған кезінде, сонымен қатар Клиентке келіп түскен төлемнің (соның ішінде валюталық) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын қосымша мәліметтерін және құжаттарын қабылдау қажеттілігінің жоқтығы жағдайда.
- 3.7. Банк келесі жағдайларда Шотқа ұсынылатын төлем құжаттарын (нұсқауларын) орындамауға құқылы:
- Клиенттерге қызмет көрсету үшін бекітілген операциялық күнінде түспеген жағдайда;
 - егер ҚР заңнамасымен тыйым салынған операцияны Клиенттің нұсқауына сәйкес жүзеге асыруға қажет болса немесе Банктің пікірі бойынша осы операция ҚР заңнамасының талаптарының бұзылуына/орындамауына жән/немесе Клиент/Банк үшін зиян әкеле алатын болса;
 - егер операция Банктің шетелдік (кредиттік, қаржылық және басқа) ұйымдары, сонымен қатар қылмыстық жолымен және терроризммен күресу жолымен табысты заңдастыруға (жылыстауға) бағытталған шарттарының талаптарына сәйкес келмейтін болса;
 - егер ҚР заңнамасына, халықаралық шарттарының, халықаралық банктік тәжірибесінің немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес операцияны жүргізу үшін Клиентпен Банкке қосымша құжаттар (соның ішінде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын Клиенттің салық резиденттігі және/немесе бенефициарлық меншіктенушілері туралы ақпарат) берілуі талап етілетін болса және осындай құжаттар Банктің талабы бойынша ұсынылмаған болса;
 - егер төлеу құжатында Клиентпен төлем реквизиттер дұрыс емес көрсетілген болса;
 - егер Банктің комиссиялық сыйақының сомасын қоса алғанда, төлем құжатта көрсетілген сомасы Шоттағы ақша қалдығынан асатын болса;
 - егер Шоттағы ақша Клиентпен ұсынылған Банк алдындағы міндеттемесін орындаудың қамтамасыз етуі болып табылатын болса;
 - егер Клиенттің меншіктенушілері арасында даулардың болуы туралы, соның ішінде Банкке ұсынылған үлгілер бар Құжаттарындағы қолтаңбасын қойған тұлғаларының өкілеттіктері туралы немесе осындай тұлғалардың өкілеттіктерін тоқтату туралы куәландыратын құжаттарды Банкке ұсынылмаған болса;
 - егер Банкпен Шотты ашудан кейін Шотты ашуға арналған Банкке ұсынылатын құжаттарының ҚР заңнамасына немесе нақты деректеріне сәйкессіздік немесе құжаттарда қателіктер анықталатын болса;
 - төлемді жүзеге асыру және (немесе) аудару үшін қажетті ақшалай сомасын жіберушімен қамтамасыз етпеу, егер шартпен Банкпен Клиентке осы төлемді және (немесе) аударуды жүзеге асыру үшін кредитті ұсыну бойынша қызметтер көрсетуі қарастырылмаған болса;
 - егер нұсқауда жасанды түзетілер, толықтырулар және түзетістер бар болса; соның ішінде егер нұсқау ақша жіберуші және ақша жіберушісінің банкі арасындағы шартымен бекітілген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібін бұзумен берілген болса;
 - бастамашымен ҚР заңнамасымен, Шартпен және осы Талаптармен бекітілген нұсқауды рәсімдеу және беру талаптарын және (немесе) басқа талаптарын сақтамау кезінде;
 - «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен немесе ҚР ратификацияланған халықаралық шарттарымен немесе ҚР бейрезидент банктерімен қарастырылған шарттарымен қарастырылған жағдайларында, соның ішінде Шот алаяқтық операцияларды жасау үшін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру үшін қолданылады екендігі туралы күдіктер болған жағдайда;
 - Шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымының санкцияларының болуы, егер осы санкциялардың әрекеті Банктің және/немесе Клиенттің операцияларына таралатын болса;
 - рұқсат етілмеген төлемді анықтау, сонымен қатар бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны қабылдау заңсыздығының дәлелденген факторларын анықтау және бекіту жағдайда;
 - Клиенттің банк шоты бойынша шығын операцияларын тоқтату туралы, мүлік иеленуді уақытша шектеу туралы, ақшамен қамтамасыз етілмеген Клиенттің банк шотындағы ақшасына тыйым салу

- туралы уәкілетті мемлекеттік органдарының/тұлғаларының шешімдері (немесе) қаулылары, сонымен қатар ҚР заңнамасына сәйкес бірінші кезекті тәртібінде орындалуға жататын нұсқаулары бар болу кезінде;
- Шартпен, осы Талаптармен, ҚР заңнамасымен бекітілген немесе одан шығатын басқа негіздер бойынша.
- 3.8. Әрбір уәкілетті тұлғасына бөлек немесе бірнеше уәкілетті тұлғаларға рәсімделген үлгілері бар бірнеше Құжаттарынан тұратын үлгілері бар Құжатты рәсімдеуге рұқсат етіледі, егер осындай әрбір тұлғасы тиісті түрде рәсімделген болса және клиент осындай Құжаттарды үлгілер бар бір Құжаты ретінде қабылдау туралы Клиенттің жазбаша өтінішін Банкке берілетін болса. Осындай тәсілмен рәсімделген үлгілері бар Құжатынан бір немесе бірнеше қолтаңбасын ауысыру немесе алып тастау кезінде, Клиент Шот бойынша нұсқауларына қолтаңбасын қойған барлық тұлғаларының қолтаңбасын қамтитын толығымен жаңа үлгілері бар Құжатын ұсынады.
- 3.9. Жыл сайын, 01 ақпанға дейін, Клиент ағымды жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша Шотта(-тарда) ақша қалдығын (бұдан әрі –қалдық) жазбаша түрде Банкке растайды. Клиенттен қалдықтың жазбаша растамасын немесе қалдықтың сомасы бойынша Клиент және Банк арасындағы келіспеушіліктердің болуы туралы куәландыратын кінәрат-талабын қабылдамау жағдайда, қалдық бекітілмеген болып есептеледі.
- 3.10. Осымен Клиент Банк ҚР әрекеттегі заңнамасына және халықаралық тәжірибесіне сәйкес Банкті қылмыстық әрекеттерге және қылмыстық жолымен алынған табысты заңдастыру, терроризм, аялақтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. сияқты ақшаны жылыстау бойынша тәсімдеріне елдітіру жағдайларын алдын алу үшін жұмыс істейді екендігін таниды және келіседі. Осыға байланысты Банк өзінің қарауында мерзімді өзгертілетін клиенттердің Шоттары бойынша жасалатын операцияларына белгілі талаптарды бекітеді. Осылайша, Банкпен Шот бойынша қанда болса операция әдеттегі емес/күдікті категориясына жатқызылу критерийлері бекітілу мүмкін және осы критерийлер бойынша Банк операция орындалуды тоқтату мүмкін немесе оны жүргізуге тыйым салу мүмкін. Осымен Клиент Шотқа салынатын/есептелетін барлық және кез келген ақша заңды түрде алынды екендігін растайды және кепілдік береді және Клиент Банкті талабы бойынша осындай ақшаның пайда болудың/қабылдаудың заңдылығын растайтын құжаттарды/басқа ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.
- 3.11. Айы саынғы үзінді көшірмесі Клиентке (Клиентпен берілетін сенімзаты негізінде әрекет ететін сенім білдірілген тұлғасына) Клиентке қызмет көрсететін Банктің филиалында беріледі. Клиентке үзінді көшірмесін электрондық поштасы арқылы жолдауы Клиенттің жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

4. ШОТ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ҚОРҒАУ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 4.1. Шот бойынша шығын операцияларды жүргізу үшін Клиенттің төлем және кассалық құжаттары Банкпен тек қана осы құжаттарда Клиенттің үлгілері бар Құжатындағы үлгісіне сәйкес келетін қолтаңбасының болуы жағдайда қабылданады.
- 4.2. Тараптар үлгілер бар Құжатында Клиентпен мәлімденген төлем (кассалық) құжатындағы қолтаңбасының сыртқы сипаттары бойынша визуалдық сәйкестігі олардың түпнұсқалығының растамасы болып табылады екендігін бекітеді. Банкке Клиенттен келіп түскен төлем құжаты Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен қолтаңбасы қойылған құжаты болып табылады, ал оны орындау бойынша Банктің әрекеттері заңды болып табылады, егер төлем (кассалық) құжатындағы тұлғаларының қолтаңбасын визуалды салыстыруы Банкке ұсынылған үлгілер бар Құжатындағы уәкілетті тұлғаларының қолтаңбаларына сыртқы сипаттары бойынша олардың сәйкестігін бекітуге жағдай жасайтын болса.
- 4.3. Шот бойынша төлем және кассалық құжаттар, Шотты жүргізумен байланыстырылған сауалдар және өтініштер Банкпен тек қана Клиент тиісті өкілеттіктерді берген тұлғаларынан қабылданады.
- 4.4. Клиент ұрланған немесе жоғалған чек кітапшалары, төлем/кассалық құжаттар, төлем/кассалық құжаттарға қолтаңбасын қоюға және/немесе оларды Банкке беруге өкілеттігі бар тұлғаларының құрамындағы өзгерістері туралы Банкке шұғыл хабарлайды.
- 4.5. Банкке орындауға төлем құжатын ұсынған Клиенттің уәкілетті тұлғасын сәйкестендіру үшін, Банк ҚР заңнамаымен және Банктің ішкі құжаттарымен анықталған қосымша құжаттарды талап етуге құқылы. Осымен бірге төлем құжат Банкпен қарауға тек қана төлем құжатқа қолтаңбасын қойған тұлғасының жеке басын сәйкестендіру кезінде қабылданады.
- 4.6. Банк Шот бойынша жүргізілетін операциясының заңдылығын тексеру мақсатында Банктің ішкі құжаттармен қарастырылған және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа шараларын қабылдауға құқылы. Осымен Клиент осындай тексеруді жүргізу кезінде Банкке қолдау көрсетуге (осы туралы өзінің уәкілетті тұлғаларына хабарлауға) құқылы және Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген Шот бойынша операцияларды тексеру процедураларын Банкпен пайдалану бойынша қарсылықтар жоқ екендігін растайды. Осымен бірге, жоғарыда сипатталған процедураларды жүргізу қажеттілігі

кезінде, нұсқау Банкпен тек қана операцияның заңдылығын растаудан кейін қабылданған болып есептеледі.

- 4.7. Осымен Клиент Шотты Банктің кассалары немесе терминалдары, Банктің төлем агенттерінің/қосалқы агенттерінің терминалдары арқылы толықтыру бойынша операциялар осыған өкілеттілігі бар Клиенттің тұлғаларымен жүргізіледі екендігін растайды. Шотты толтыру мақсатында Шоттың реквизиттерін үшінші тұлғаларға ұсыну және Клиентті атынан жүргізілетін операцияның нақты сәйкестігі, Шотқа ақша салу, Шотты толықтыру бойынша операциялар, сонымен қатар Клиентпен ҚР заңнамасымен сақтау үшін жауапкершілігі Клиентке жүктеледі.

5. ШОТ БОЙЫНША ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

- 5.1. Шетелдік валютасымен жасалатын барлық операциялар ҚР заңнамасымен, Банктің ішкі құжаттарымен және осы Талаптармен бекітілген тәртібінде жүзеге асырылады.
- 5.2. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде, Клиент Банктің талабы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банкке операция үшін негіздейтін және басқа құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 5.3. Клиент ҚР заңнамасымен, соның ішінде шетел валютасына қатысты шет мемлекетінің заңнамасы заңнамасымен, шектеулерге байланысты туындалатын шетелдік валютадағы Шотты ашумен және жүргізумен байланыстырылған тәуекел үшін жауап береді, соның ішінде, бірақ шектелмей, валюталық бақылауды және валюталық шектеулерді енгізу, сондай-ақ Шоттағы ақшаға таратылатын салықтарды немесе басқа міндетті төлемдерді немесе оларды пайдаланумен операцияларды енгізу бойынша тәуекел үшін жауап береді.
- 5.4. Егер Шотқа келіп түскен ақшасының валютасы Шоттың валютасынан ерекшеленетін болса, Банк Шарттың талаптарына сәйкес Банктің тарифтеріне сәйкес айырбастау үшін Банктің комиссиясын ұстаумен, ақшаны айырбастау сәтіндегі Банкпен белгілеген Шот валютасының сату бағамы бойынша айырбастайды. Клиент Банкпен осынлай бағамды Клиенттің қосымша растауын алусыз пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарымыз келісімін білдіреді. Банк Клиентке қабылданған төлем және (немесе) ақша аударымдарының мөлшері және жасалған шегерулер туралы хабарлайды.
- 5.5. Клиент Шоттан халықаралық аударымдарды жасау кезінде келесі мәліметтер беріледі немесе талап етіледі екендігіне өзінің сөзсіз және қайтарымыз келісімін білдіреді:
- Клиенттің шетел валютасынағы операциясын жасауға қатысатын шетелдік банк-корреспондентінің сауалы бойынша Банкпен операция және оған қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер және түсініктер берілуі мүмкін;
 - Банкте жоқ, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік банк-корреспондентке ұсынуға талап етілетін мәліметтерді, түсініктерді немесе құжаттарды ұсыну туралы сауалы Банкпен келі түсетін жағдайда, Клиент Банкпен анықталған көлемін және мерзімдерінде осындай мәліметтерді, түсініктерді немесе құжаттарды Банкке ұсынуға міндеттенеді. Осымен бірге Банк Клиентпен осындай мәліметтерді, түсініктерді немесе құжаттарды ұсынбау кезінде аударудың орындалмағаны немесе оның аяқталмағаны үшін жауап бермейді.
- 5.6. Клиентке шетел валютасындағы Шотынан ақшаны аудару бойынша операцияны онымен жүргізу кезінде шетелдік банк-корреспондент тиісті шет мемлекетінің заңнамасының талаптарын халықаралық келісімдерді, басқа талаптарды басшылыққа ала отырып төмендегі әрекеттерді жаса алады екендігі туралы тиісті түрде хабарланды екендігін білдіреді:
- жасалатын операциясы бойынша кез келген қажетті қосымша мәліметтерді қабылдау мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісі мерзімге тоқтата алады;
 - банк(-тер)-корреспондентімен(-терімен) ұстап қалған комиссиясын алып, Банкке ақшаны қайтарып, шетел валютасындағы ақша аударуды аяқтауды тоқтата алады және тоқтату себебін түсіндірмеу қажет;
 - валюталық операциясы бойынша ақшаға белгісіз мерзімге тыйым сала алады.
- 5.7. Айырбастау ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау шарттарын және операцияның мақсаттарын қамтитын Клиенттің тиісті түрде рәсімделген нұсқауы негізінде, Шотта бар сома шегінде жүзеге асырылады.
- 5.8. Банк, ҚР заңнамасына, Шартқа және осы Талаптарға сәйкес айырбастау бойынша операцияларды жүзеге асырайды:
- шетел валютасынан қазақстандық теңгеге;
 - қазақстандық теңгеден шетел валютасына;
 - шетел валютасынан басқа шетел валютасына.
- Айырбастау бойынша операциялар жасалатын валюталар тізімін Банк дербес анықтайды және оны өзінің қарауында өзгерту мүмкін.
- 5.9. Операциялар Банктің тарифтеріне сәйкес комиссияны алумен (осындай комиссия бар болған жағдайда) операцияны жасау сәтінде Банкпен бекітілген айырбастаудың ағымды бағамы бойынша жүзеге асырылады.
- 5.10. ҚР валюталық заңнамасымен қарастырылған жағдайларында Клиенттің пайдалануына келіп түсетін шетел валютадағы ақшалай сомасы туралы хабарламасы Банкпен дербес анықталатын тәсілдерімен,

соның ішінде Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен жолданады, осымен бірге осындай хабарламаны Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен жолдауы хабарламаны басқа тәсілдермен жолдау қажеттілігін алып тастайды.

6. КЛИЕНТКЕ КАССАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- 6.1. Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар өзінде Банкпен ұлттық және шет валютадағы банкноттар және монеталар қабылдауды, қайта есептеуді, айырбастауды, сұрыптауды, қаптауды, Банктің кассасына салынған қолма-қол ақшасын Клиенттің Шотына есептеуді және Шоттан ақша беруді қамтиды. Көрсетілген операциялар Банкпен операциялық күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында, Шартта және осы Шарттарда белгіленген тәртібінде жүзеге асырылады. Шотқа қабылданатын қолма-қол ақша есептеуі және Шоттан қолма-қол ақша беруі банктік операцияны жасау үшін қажетті уақытты есепке алумен жүзеге асырылады. Қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен шектелу мүмкін.
- 6.2. Банк ақшаны қабылдаудан, парактап есептеуден және қаптаудан кейін Шотқа нақты ақша сомасын есептейді. Қолма-қол ақша беруі Шоттағы қол жетімді сома шегінде жүзеге асырылады. Клиентпен салынған (соның ішінде инкассаторлар арқылы) сомаларындағы жетіспеушіліктер, артықшылықтар, қолдан жасалған және төлеуге жарамсыз банкноттар болған жағдайда, Банк қолма-қол ақшаны қайта есептейді. Қайта есептеу үшін Клиенттен Банктің тарифтерімен белгіленген мөлшеріндегі комиссиясы алынады.
- 6.3. Шоттардан ҚР ұлттық валютасындағы қолма-қол ақша беруі чектер немесе шығын кассалық ордендер бойынша жүзеге асырылады, ал шетел валютасындағы Шоттарына - шетел валютасындағы қолма-қол ақша алуға өтініштері арқылы жүзеге асырылады. Қолма-қол ақшасын алуға кассалық чектердің, шығын кассалық ордендердің және кассалық өтініштердің нысаны Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді. Чек берілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде жарамды.
- 6.4. Клиентке (оның уәкілетті тұлғасына) чек кітапшасын беруі (олар Банкте болған жағдайда) Банкпен Банктің ішкі құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің үлгілері бар Құжатында көрсетілген Клиенттің уәкілетті тұлғалары қолтаңбасын қойған Банк белгілеген нысанда Клиенттің өтініші бойынша жүзеге асырылады.
- 6.5. Шотты жабу кезінде Клиент пайдаланбаған бланктері бар чек кітапшасын Банкке қайтарады.
- 6.6. Чек кітапшасын ауыстыруы (ол Банкте болған жағдайда) Банкпен келесі жағдайларды жүзеге асырылады:
 - Шоттың нөмірін, Клиенттің атауын және басқа реквизиттердің ауыстырылуы;
 - Егер қандай болса себептерден чек кітапшасы жарамсыз болып қалған болса;
 - Басқа жағдайларды Клиенттің қалауынша;
 - Өзгерістерді енгізуге байланысты ҚР заңнамасының талаптарына шығатын.Чек кітапшасын ауыстырылуы осы Талаптардың 6.4-тармағында анықталған тәртібінде Клиентпен Банкке ескі чек кітапшасын қайтару және жаңа чек кітапшасын беру жолымен жүзеге асырылады.
- 6.7. Шоттан қолма-қол ақшасын беруі Банктің комиссиялық сыйақысын есепке алумен Шоттағы қалдық шегінде жүзеге асырылады.
- 6.8. Қолма-қол ақшаны шешу үшін Банктің ішкі құжаттарымен және ҚР заңнамасымен белгіленген тәртібінде, мерзімдерінде және жағдайларында Клиентпен алдын ала өтініші ұсынылады.
- 6.9. Чектер бойынша қолма-қол ақшасын алу үшін Клиент чектерді дұрыс жазу талаптарын сақтауға міндетті, атап айтқанда:
 - чек бланкілерінің олардың нөмірленуіне сәйкес пайдалану реттелігін сақтауға;
 - чек сомасын цифрмен және жазбаша жазу түрінде көрсетуге (жазбаша жазу түріндегі сома жолдың басында бас әріппен басталу қажет, «теңге» сөзі бос орын қалдырмай жазбаша жазу түріндегі сомадан кейін болу қажет, ал «тиын» сөзі чекте көрсетілмейді, цифрмен және жазбаша жазу түрінде жазылғаннан кейін бос орын және екі сызықпен сызылады);
 - бағанда «төлеңіз» деген сөзінен кейін чек жазылған адамның тегін, атын және әкесінің атын көрсетуге.
 - чек жазылған күнін қоюға (күні және жылы цифрмен жазылатын және айы әріптермен жазылады);
 - ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес чектің тиісті бағандарында төлем мақсаттылығын, ТМК (төлем мақсатының кодын), АЖК (Ақша жіберушісінің кодын), Кбе (бенефициардың кодын) көрсетуге;
 - Клиенттің үлгілері бар Құжатындағы үлгісіне сәйкес келетін қолтаңбаларын қоюға;
 - чек жазылатын тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, күнін және берілген орнаын көрсетуге;
 - чектің түбіртегінде келесіні көрсетуге: чектің сомасы (цифрлермен), чекті жазу күні, сонымен қатар қолтаңбаны(-ларды) қоюға.

- 6.10. Клиент жоғалған немесе ұрланған чектер, чек кітаптары, чектерге және/немесе касалық ордендерге қолтаңбасын қоюға өкілеттілігі берілген тұлғаларының құрамының өзгеруі туралы шұғыл Банкке хабарлауға міндетті.
- 6.11. Егер ақшалай чек бланкісін толтыру кезінде Клиент қате жіберген болса, онда осы бланкте және оның түбіртегінде диагональ бойынша Клиент келесі жазбаны жазу қажет: «ЗАҚЫМДАНДЫ» және күнді және қолтаңбасын қою қажет.
- 6.12. Осы Талаптармен бекітілген талаптарын бұзумен жазылған, сонымен қатар реквизиттерді толтыру кезінде қателер және/немесе түзетулер бар чек ақаулы болып танылады және Банкпен қабылданбайды.
- 6.13. Банк келесі негіздер бойынша чекті Клиенттен қабылдаудан басын тартуға құқылы:
- чекте қолжазба және сияның түсі бойынша көрінетін айырмашылықтар бар;
 - чекте чектің реквизиттерін көрсету кезінде қателеер бар;
 - төлеуге берілетін чектің нөмірі Банкпен берілетін чектерінің сериялық нөмірлеріне сәйкес келмейді;
 - чектің әрекет ету мерзімі аяқталды;
 - чек қолдан жасалған немесе ақаулы болып табылады;
 - ҚР заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа себептер.
- 6.14. ҚР заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайларында, Банк шетел валютасында қолма-қол ақшасын қабылдауға чекті/шығын қасалық орденді/өтінішті Клиенттен шығындар мақсаттарын егжей-тегжейлі түрінде көрсетуді талап етуге құқылы. Клиентпен Банктің осы талаптарын орындамау жағдайда, Банк Клиенттің нұсқауын орындаудан басын тартуға құқылы.

7. «SMS-ХАБАРЛАМАСЫ» ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНУ

- 7.1. Егер Клиент оның тиісті өтінішінде көрсетілген ұялы нөміріне «SMS-хабарламасы» қызметін қосылса, SMS-хабарламасы жолданады.
- 7.2. «SMS-хабарламасы» қызметі Клиент тиісті өтініште қызметті және телефонның(-дардың) байланыс нөмірін(-лерін) көрсету жағдайда ұсынылады.
- 7.3. Клиенттің төлемдері туралы ақпарат Банк Клиенттерінің ақпаратының құпиялылық талаптарын ұялы байланыс операторларымен сақтауды қарастыратын Банкпен бөлек келісімдері шеңберінде ҚР ұялы байланыс операторларымен ұсынылатын телекоммуникация желілері арқылы SMS-хабарламалар немесе Push-хабарламалар түрінде жолданады. Осымен Клиент «SMS-хабарламасы» қызметі шеңберінде хабарламалар жолдауы үшінші тұлғаларға банктік құпиясын жарияламауға келіседі.

8. КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ТӨЛЕУ

- 8.1. Клиент Банкке әр Шотты ашу, жүргізу, олар бойынша операцияларды жасау үшін және Шартта және Қосымшаларда көрсетілген Банкпен Шотты жүргізумен байланыстырылған басқа қызметтер үшін комиссиялық сыйақыны төлейді. Комиссиялар Шарттың 5-бөлігінде көрсетілген тәртібінде Банкпен ақшаны есептен шығару жолымен төленеді. Банктің қызметтерін төлеу үшін банктің кассасы немесе төлем терминалдары арқылы салынған ақшасы Банкпен Шотқа есептеледі және осы Талаптардың тармағында белгіленген тәртібінде Банкпен шығарып тасталады. Банкпен алдын-ала келісім бойынша осы Талаптар бойынша Банктің қызметтері үшін Клиенттің төлемі Клиентпен ҚР заңнамасымен белгілеген шектеулерін есепке алумен Банкпен қосымша көрсетілетін реквизиттер бойынша қолма-қол ақшасыз есептеумен немесе Банктің кассасына қолма-қол ақшаны салумен жүзеге асырылу мүмкін.
- 8.2. Клиент Банк қызметтері үшін төлеуге, сондай-ақ Банкпен белгілеген тарифтеріне сәйкес, онымен Клиенттің нұсқауларын орындауға байланысты Банктің барлық шығындарын өтеуге кепілдік береді.

9. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Клиент міндеттенеді:

- 9.1. Шотты ашуға, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізу, тиісті түрде ресімделген құжаттарды, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық шарттарға, халықаралық банкаралық тәжірибеге, Банктің ішкі құжаттарына, Шартқа және Талаптарға құжаттарға сәйкес Банкпен талап ететін құрылтай құжаттарын ұсынуға;
- 9.2. Клиенттің тапсырмасы негізінде жүзеге асырылатын операциялар бойынша Банк ұшыратылған шығындарын Банктің тиісті талабын қабылдау күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде өтеуге;
- 9.3. ҚР заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының, банктік тәжірибеде қолданылатын халықаралық банктік ережелерінің және стандарттардың, іскерлік айналымы дәстүрлерінің талаптарына сәйкес уәкілетті тұлғалардың қолтаңбасы қойылған (факсимильді пайдаланусыз) қағаз

- тасымалдаушыларындағы төлем құжаттарын рәсімдеу және оларды Банкпен белгілеген операциялық мерзімі ішінде Клиенттің уәкілетті тұлғалары арқылы ұсынуға
- 9.4. Банкке Клиенттің төлем құжаттарын ұсынуға өкілеттіктері бар тұлғаларын тағайындауға және Банктің талабы бойынша Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қойылып куәландырылған Банкпен анықталған нысаны бойынша олардың тізімін ұсынуға уәкілетті тұлғаларын тағайындауға.
 - 9.5. Кем дегенде бір қолтаңба үлгісін ауыстыру кезінде үлгілер бар жана Құжатты ұсынуға және қолтаңба қоюшылардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарын ұсынуға;
 - 9.6. Шотқа ақшаны қате/дұрыс емес есептеу (немесе Шоттан ақшаны шығарып тастау) фактісі анықталған жағдайда, Банкке ақшаны қате/дұрыс емес есептеу/аудару туралы ақпаратты қамтитын Шот бойынша үзінді көшірмесін алу күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы туралы хабарлауға;
 - 9.7. Банк алдында кредиторлық берешек бар болған жағдайда, басқа банктерде банк шоттарын ашылуы туралы Банкке шоттар ашылған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
 - 9.8. Шартта белгіленген мерзімде төлем құжаттарына қолтаңба қоюға құқығы бар тұлғаларының ауыстыруы туралы Банкке хабарлауға;
 - 9.9. Шоттағы ақшаны Клиентпен Банк алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін ұсынылатын жағдайда, Шот бойынша шығын операциялары Банктің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асыруға;
 - 9.10. Осы Талаптардың бабында көрсетілмеген, бірақ Талаптардың, Шарттың және ҚР заңнамасының басқа тармақтарымен қарастырылған басқа міндеттемелері үшін жауап беруге.

Клиент құқылы:

- 9.11. Шотта бар ақшаны ҚР заңнамасында және осы Талаптарда белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, басшылық етуге;
- 9.12. Банкте белгілеген операциялық күнінің аяқталуына дейін Банкке төленетін комиссиялық сыйақыны есепке алумен, Шоттың сальдосы шегінде Банкке Шот бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқау беруге;
- 9.13. Банктен Шоттағы операциялар туралы, Шоттардың күйі туралы (үзінді көшірмесі түрінде) ақпаратты осы Талаптармен қарастырылған тәсілдерімен алуға;
- 9.14. Талаптардың осы бабымен қарастырылмаған, бірақ ҚР заңнамасынан, Шарттан және Талаптардың басқа бөліктерінен шығатын басқа құқықтарын пайдалануға.
- 9.15. Шотты(-тарды) жүргізу мәселелері бойынша кеңес алуға және жазбаша сауалдарды Банкке жолдауға.

10. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Банк міндеттенеді:

- 10.1. ҚР заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген Шоттарды ашудан бас тартуға негіздерінің болмағаны кезінде, Клиенттің өтінішіне сәйкес Клиент үшін валюталардағы Шотты ашуға (Клиент Шоттарды ашуға қажетті құжаттарды және Банкпен қосымша талап етелетін басқа құжаттарды ұсынған жағдайда).
- 10.2. Клиентпен берілетін өтінішіне сәйкес Клиенттің Шотын(-тарын) жабуға, егер басқасы ҚР заңнамасымен қарастырылмаған болса;
- 10.3. Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындау үшін Шотта жеткілікті ақша сомасы болса, Клиенттің тиісті түрде ресімделген құжаттары негізінде осындай нұсқауларды ҚР заңнамасымен, осы Талаптармен белгіленген тәртібінде және мерзімдерінде орындауға. Осымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздері бойынша Клиенттің келісімісіз орындалатын үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындау үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кезектілігін сақтау мақсатында Шотқа(-тарға) тыйым салуға құқылы;
- 10.4. Клиентпен Шотта Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындау үшін жеткілікті ақшалай сомасын қамтамасыз етпеу кезінде, тек қана осындай нұсқаулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкпен Шоттың картотекасында сақтауға қажет жағдайларынан басқа, осындай нұсқаулықтарды Шоттың картотекасына орналастырмай қайтаруға;
- 10.5. Клиентті Банктің әрекеттегі Тарифтеріне таныстыруға;
- 10.6. Клиентпен оның үлгілері бар Құжатында көрсетілген Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қойылып куәландырылған белгіленген нысандағы өтінішін беру кезінде Клиентке немесе оның уәкілетті тұлғасына чек кітапшасын беруге.
- 10.7. ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдерінде Клиентке ҚР заңнамасында және/немесе осы Талаптарында қарастырылған жағдайларда орындаудан бас тарту туралы Клиентпен көрсетілген мекенжайы бойынша жазбаша түрде немесе Қашықтағы қызмет көрсету арналары арқылы хабарлауға (осындай арналар арқылы Клиентке қызмет көрсету кезінде)
- 10.8. Клиентке Шотты ашу/жабу туралы салық органына ҚР заңнамасымен анықталған тәртібінде және мерзімдерінде хабарлауға;

- 10.9. Шотқа ақшаны есептеу және Шоттан ақшаны шығарып тастау бойынша операцияларды ҚР заңнамасымен, Шартпен және осы Талаптармен бекітілген тәртібінде және мерзімдерінде жүзеге асыруға;
- 10.10. ҚР заңнамасына, Шартқа және осы Талаптарға сәйкес Шот бойынша операциялардың құпиясын сақтауға.
Банк құқылы:
- 1.1.1. Шотты ашу үшін және Клиенттің Шоты бойынша жүргізілетін операциялардың сәйкестігін ҚР әрекеттегі заңнамасының нормаларына, сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптары бойынша тексеру үшін, сондай-ақ ҚР әрекеттегі заңнамасын Банктің өзімен сақтауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті ақпаратты және құжаттарды сұратуға;
- 10.11. Клиентпен ҚР заңнамасының, соның ішінде валюталық заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарының, төлем құжаттарының орындалуына қойылатын талаптардың және оларды Банкке ұсыну мерзімдерін, Шарттың және Талаптардың бұзғаны туралы куәландыратын фактілер болған кезінде Клиенттің нұсқауларын қабылдамауға және орындамауға;
- 10.12. ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Клиенттің келісімімен немесе онсыз үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Шоттан ақшаны шығарып тастауға;
- 10.13. Банкке Шот бойынша шығын операцияларын тоқтату туралы уәкілетті органның (тұлғаның) шешімдері келіп түскен жағдайда, сондай-ақ Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы уәкілетті органдарының (тұлғаларының) шешімдері келіп түскен жағдайда, Шот бойынша шығын операцияларын тоқтатуға;
- 10.14. Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы сомаларын, Шарт (Талаптар) бойынша Банк пайдасына төленетін басқа төлемдерді/Клиенттің Банк алдындағы кез-келген басқа міндеттемелерін (кез-келген басқа берешегін), сондай-ақ Шотқа қате/дұрыс емес есептелген сомаларын (осындай қате/дұрыс емес есептеу себептеріне қарамастан) сомаларын Шарттың 5-бөлігінде көрсетілген тәртібінде шығарып тастауға;
- 10.15. Клиенттен төлем құжаттарында қосымша реквизиттер қоюды талап етуге, егер осындай талаптар ҚР заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған болса;
- 10.16. Шот бойынша соңғы операция жасалған күнінен бастап 12 (он екі) ай ішінде ақша қозғалысы (кіріс және/немесе шығыс төлемдердің және ақша аударымдарының жоқтығы) кезінде, Банк Клиенттің келісімісіз Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Шотты қозғалыссыз шоттарына қатарына жатқызуға құқылы;
- 10.17. Шотты қозғалыссыз шоттарына қатарына жатқызу күнінен бастап 12 (он екі) ай ішінде Шот бойынша ақша қозғалысы (кіріс және/немесе шығыс төлемдердің және ақша аударымдарының жоқтығы) кезінде және Шотта ақша қалдығы болған жағдайда, Банк Клиенттің Шотын тікелей дебеттеу арқылы қозғалыссыз тұрған Шотқа қызмет көрсету үшін Банктің Тарифтеріне сәйкес Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны алуға және Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешек сомаларын алуға құқылы (және Клиент осыған өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді).
- 10.18. Шотқа берілетін Клиенттің Нұсқауын орындаудан бас тартуға, егер Шоттағы ақша Клиентпен ұсынылған Банк алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуі болып табылатын болса;
- 10.19. Клиенттің нұсқауларын ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімдерінде себептерін түсіндірмей орындаудан бас тартуға;
- 10.20. Банктің тарифтеріне сәйкес қызметті төлеуге Шотта ақша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тараптармен ағымдағы шот бойынша овердрафт ұсыну туралы келісім жасамаған шартында, Клиентке қызмет көрсетуден бас тартуға.
- 10.21. Осы Шарттарды біртараптық тәртібінде өзгертуге, Клиентке қызмет көрсету тәртібін, соның ішінде Банктің жұмыс кестесі және операциялық күнін, төлем құжаттарын қабылдау және тексеру шарттарын анықтауға;
- 10.22. ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда және Шартпен және осы Талаптармен анықталатын басқа жағдайларында Шотты жабуға. Осымен бірге ақша қалдығы Клиентке беріледі, егер басқасы ҚР заңнамасымен қарастырылмаған болса.
- 10.23. ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және Талаптарында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 11.1. Банкпен нұсқаулықты қате/дұрыс емес орындағаны туралы уақытында хабарламағаны үшін Клиент ҚР заңнамасына сәйкес Банкке келтірілген нақты шығындар үшін жауап береді.
- 11.2. Банк Клиент алдында жауап бермейді, егер нұсқауда Клиент қате жіберген болса, Банк Клиенттің орындалмаған нұсқауы бойынша, сондай-ақ Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе дұрыс емес нұсқауларының салдарынан немесе Банктен тәуелді емес себептерінен туындаған Шарт бойынша міндеттемелердің орындамағаны немесе тиісті емес түрде орындағаны үшін; Клиенттің нұсқауларын орындауға мүмкінсіздігіне әкелген үшінші тұлғалардың және/немесе банк-

корреспонденттің әрекеттері үшін, соның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша ақша аударымын аяқтауға мүмкінсіздігі үшін жауап бермейді.

- 11.3. Банк уәкілетті органдарының шешімдері/әрекеттері негізінде, ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған шоттар бойынша операцияларды тоқтату және/немесе Клиенттің Шоттындағы(-тарындағы) ақшаға тыйым салу қорытындысында Клиентке келтірілген шығындар үшін, сонымен қатар ҚР заңнамасында қарастырылған тәртібінде және жағдайларында үшінші тұлғалармен Шоттан ақшаны шығарып тастау қорытындысында Клиентке келтірілген шығындар үшін жауап бермейді.
- 11.4. Банкке ұсынылған төлем немесе кассалық құжаттарындағы Клиенттің қолтаңбалары ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Клиентпен ұсынылған үлгілер бар Құжатындағы үлгілеріне сыртқы сипаттар бойынша визуалды сәйкес келмейтін жағдайда, Банк Клиенттің нұсқауларын орындалуы үшін жауап бермейді. Тараптар төлем құжатындағы қолтаңбалардың сыртқы сипаттары бойынша үлгілер бар Құжатындағы Клиентпен келтірілген үлгілеріне визуалды сәйкестігі олардың түпнұсқалығының растамасы болып есептеледі екендігін бекітеді.
- 11.5. Шотты(-тарды) басқару құқығы бар тұлғаларымен Клиентке келтірілген залалдар және кез келген шығындар үшін Банк жауап бермейді, егер Шотты(-тарды) басқару құқығынан айырылған тұлғалардың өкілеттіктері тоқтатылғандығы Банкке үлгілер бар Құжатын ауыстыру жолымен уақытында тиісті түрде құжатталмаған болса.
- 11.6. Жоғалған чек кітапшасынан тиісті түрде рәсімделген ақшалай чектерін төлеу үшін Банк жауап бермейді, егер оған жоғалту тураы уақытында хабарланбаған болса.
- 11.7. Клиенттің Шотынан(-тарынан) ақшаны инкассациялық қаулысы бойынша оның келісімісіз негізсіз есептен шығарғаны үшін осындай нұсқаулар жіберушілері (талапкерлері) жауап береді. Банк Клиенттің Шоттарынан ақшаны оның келісімісіз шығарып тастауға қарсы наразылығын қарастырмайды.
- 11.8. Шот(-тар) бойынша операцияларды негізсіз тоқтату және/немесе Шоттағы(-тардағы) ақшаны шығарып тастау үшін Шоттар бойынша операцияларды тоқтату және/немесе Шоттардағы ақшаға тыйым салу туралы шешімді қабылдаған мемлекеттік органы немесе лауазымды тұлғасы жауап береді.
- 11.9. Чектерді дұрыс пайдаланбау, чек кітапшасын немесе бөлек толтырылмаған чектерді басқа тұлғасына беру қорытындысында болған шығындар, олардың жоғалуы немесе ұрлануы, сондай-ақ чектерге қолтаңбасын қоюға Клиенттің уәкілетті тұлғаларының жағымсыз әрекеттері үшін Клиент жауап береді.

12. ШОТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР БӨЛІГІНДЕГІ ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

- 12.1. Белгілі бір Шотқа(-тарға) қатысты Талаптар бөлігіндегі Шарт кез келген Тараптың бастамасымен тоқтатылу мүмкін және Тараптармен толық есеп айырысуды жасаудан кейін тоқтатылған деп есептелу мүмкін.
- 12.2. Клиент кез келген уақытта Шартта белгіленген тәртібінде жазбаша өтініш негізінде белгілі бір Шотқа (-тарға) қатысты Талаптар бөлігіндегі Шартты орындаудан біртараптық тәртібінде бас тартуға құқылы. Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қойылып куәландырылған және Банкпен қабылданған шотты жабуға өтініші көрсетілген Шотты(-тарды) жабу үшін негіздемесі болып табылады және осындай Шотты (-тарды) жүргізу бойынша қызметтерді көрсету бөлігінде, соның ішінде Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен қызметтерді көрсету бөлігінде Шартты тоқтату үшін негіздемесі болып табылады.
- 12.3. Клиентпен Шотты(-тарды) жабуға өтініші берілген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Банк Клиенттің Шоттың(-тары) белгіленген тәртібінде жабады. Шотты(-тарды) жабу күнінен бастап Банк жабық Шот(-тар) бойынша Клиенттің төлем құжаттарын орындауға қабылдауды тоқтатады, сонымен қатар Шотқа(-тарға) ақша аударуды тоқтатады және ақшаны жіберушіге аударады.
- 12.4. Банктің бастамасы бойынша Шот Шартпен және ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларында және Шартпен белгіленген тәртібінде осындай Шотты жүргізу бойынша қызметтер көрсету бөлігінде, сонымен қатар Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен қызметтерді көрсету бөлігінде Шартты тоқтатумен біртараптық тәртібінде жабылу мүмкін.

